

**«Первомайка ауылының ЖОББМ» КММ**  
**ББЖМ-ға дайындық жұмысының**  
**1-жартыжылдыққа арналған**  
**талдауы**  
**2025-2026 оқу жылы**

Оқу жылының басында 4-сынып және 9-сынып оқушыларын ББЖМ-ға дайындау бойынша жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілді. Сонымен қатар, ББЖМ-ға дайындық бойынша консультация өткізу кестесі де әзірленіп, бекітілді.

Жоспарға сәйкес, мектепшілік бақылау аясында «Первомайка ауылының ЖОББМ» Астрахан ауданы білім бөліміне қарасты Ақмола облысының білім басқармасы бойынша 4-ші және 9-шы сынып оқушылары арасында ББЖМ бойынша сынақтық онлайн тестілеулер өткізіледі.

<https://www.instagram.com/p/DQwXn2DjSl4/?igsh=OG04NGdxY3R5b2ht>

<https://www.instagram.com/p/DSmLeZ6iD04/?igsh=MXF6eHlhZGV6M3dlbg==>

Тестілеудің мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін диагностикалау, оның ішінде: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық және жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылық, сондай-ақ оқушылардың ББЖМ негізгі тестілеуіне қатысуға дайындық деңгейін анықтау.

9-сынып оқушылары арасында оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейі 57-60% құрайды, бұл мәтіндік ақпаратты түсіну және интерпретациялау бойынша орташа деңгейін көрсетеді. Жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылық көрсеткіштері 47-53% құрайды, бұл практикалық және өмірлік жағдайларда білімді қолдану дағдыларының жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетеді. Оқушылардың жеке нәтижелері дайындық деңгейінің айтарлықтай дифференциациясын көрсетеді. Ең жоғары нәтижелерді 55%-дан астам балл жинаған оқушылар көрсетсе де, кейбір оқушылар тексерілетін құзыреттерді меңгеру деңгейінің төмендігін көрсетті, бұл сынып бойынша білім сапасының жалпы көрсеткішін төмендетеді.

Жалпы алғанда, 9 «Б» сыныбының нәтижелері функционалдық сауаттылықты, әсіресе математикалық және жаратылыстану-ғылыми ойлауды қалыптастыру бойынша жүйелі әрі мақсатты жұмыс жүргізу қажеттігін көрсетеді.

4-сынып оқушылары арасында өткізілген сынақтық тестілеу нәтижесі бойынша сыныптың орташа жиынтық балы 19 баллды құрап, бұл білім сапасының 60%-ына сәйкес келеді. Бұл нәтижелер бастауыш буын оқушыларының дайындық деңгейі орташа екенін көрсетеді.

4 «Б» сыныбында ең жоғары көрсеткіш жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша 69% байқалды, бұл көпшілік оқушылардың қоршаған әлем туралы негізгі түсініктерінің қалыптасқанын және білімдерін практикалық жағдайларда қолдана алатындарын көрсетеді. Математикалық сауаттылық деңгейі 60-65% құрайды, бұл негізгі есептеу дағдыларын игеру және қолданбалы сипаттағы тапсырмалармен жұмыс істеу дағдыларын қанағаттанарлық деңгейде меңгергенін көрсетеді. Оқу сауаттылығының көрсеткіші 54-60% құрайды, бұл мәтінді түсінуде, ақпаратпен жұмыс істеуде және оқылғанды түсіну бойынша тапсырмаларды орындауда қиындықтар бар екенін білдіреді.

Ата-аналар жиналыстарын өткізу барысында 3, 4, 8, 9-сынып оқушыларының ата-аналары ББЖМ-ны өткізу ерекшеліктерімен, сондай-ақ ББЖМ-ның мақсаттары, міндеттері мен мазмұнымен таныстырылды.

Осылайша, ББЖМ бойынша жүргізілген сынақтық тестілеу нәтижелері оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бағытындағы жұмысты оқытудың барлық деңгейінде күшейту қажеттігін көрсетеді. Әсіресе мағыналық оқылым дағдыларын дамытуға, практикаға бағытталған математикалық есептерді шешуге және

жаратылыстану-ғылыми білімдерді өмірлік жағдайларда қолдануға ерекше көңіл бөлу қажет.

Пән мұғалімдеріне типтік қателерді талдау бойынша мақсатты жұмыс жүргізу, сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта ББЖМ форматындағы тапсырмаларды пайдалану, сондай-ақ нәтижелері төмен оқушылар үшін жеке білім беру бағыттарын (маршруттарын) құру ұсынылады.

Мектеп директоры:



Нысанбаева Ж.Г.